

# ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТИ

«БЕКІТЕМІН»

Шерхан Мұртаза атындағы  
Халықаралық Тараз  
университетінің ректоры,

и.ф.д., профессор

\_\_\_\_\_ М.Сарыбеков

«08» қыркүйек 2025 ж.




**Ғимараттарға кешенді қызмет көрсетуші қызметкерлер үшін  
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық  
ережелері**

**СМЖЕ 1-2-2-10-2023**

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым


Тараз, 2025 ж.

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Университеті	СМЖЕ 1-2-2-10-2025
	Ғимараттарға кешенді қызмет көрсетуші қызметкерлер үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық ережелері	СМЖ«Инфрақұрылымдық басқару» ҮК ҚҮ 11-2023

## АЛҒЫ СӨЗ


- 1 Әзірлегендер:**
- Әкімшілік-шаруашылық жұмыстар басқармасының басшысы С.М.Утешбаев
  - Еңбек қауіпсіздігі және Еңбекті қорғау инспекторы Ұ.С.Сәрсенбек
- 2 Келісілді:**
- Персоналды басқару және құжат айналымы бақармасының басшысы К.М. Сихаева
  - Заң басқармасының басшысы Е.Е. Матжанов
  - Сапа, акредиттеу және рейтинг басқармасының басшысы Б.К. Жундибаева

*Университет Ректорының 05.09.2025 ж. №01/001 өкімімен бекітілді және іске енгізілді.*

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Университеті	СМЖЕ 1-2-2-10-2025
	Ғимараттарға кешенді қызмет көрсетуші қызметкерлер үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық ережелері	СМЖ«Инфрақұрылымдық басқару» ҮК ҚҮ 11-2023

## МАЗМҰНЫ

№		беті
1.	Жалпы ережелер.....	4
2.	Жұмыс басталар алдындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптары.....	4
3.	Жұмыс уақыты кезіндегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптары.....	5
4.	Авариялық жағдайлардағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптары.....	5
5.	Жұмыс аяқталғаннан кейінгі еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптары.....	6
6.	Келісу парағы.....	7
7.	Танысу парағы.....	8
8.	Тарату парағы.....	9
9.	Өзгерістер енгізу парағы.....	10

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Университеті	СМЖЕ 1-2-2-10-2025
	Ғимараттарға кешенді қызмет көрсетуші қызметкерлер үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық ережелері	СМЖ«Инфрақұрылымдық басқару» ҮК ҚҮ 11-2023

## 1. Жалпы ережелер

1.1 Ғимараттарды кешенді күтіп ұстау және жөндеу жұмыстарын өз бетінше орындауға 18 жастан кем емес, медициналық тексеруден, кіріспе нұсқамадан, жұмыс орнындағы бастапқы нұсқамадан, оқытудан және жұмыс орнында тағылымдамадан, еңбек қауіпсіздігі талаптары бойынша білімін тексеруден өткен, электрқауіпсіздік бойынша кемінде I топқа ие және тарифтік-біліктілік анықтамалыққа сәйкес біліктілігі бар адамдар ғана жіберіледі.

1.2 Ғимараттарды кешенді күтіп ұстау және жөндеу жөніндегі жұмысшы (бұдан әрі – жұмысшы) міндетті:

1.2.1 Жұмыс нұсқаулығында көрсетілген жұмыстарды ғана орындауға;

1.2 Ішкі еңбек тәртібі ережелерін орындауға;

1.3 Жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарын дұрыс пайдалануға;

1.4 Еңбекті қорғау талаптарын сақтауға;

1.5 Адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін кез келген жағдай туралы, немесе өзінің денсаулығының нашарлауы байқалғаны туралы тікелей немесе жоғары тұрған басшыға дереу хабарлауға;

1.6 Электр тогынан және басқа да жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек көрсете білуі керек;

1.7 Өрттің бастапқы кезеңінде оны сөндіру құралдарын қолдана білуі керек;

1.8 Ғимараттарды кешенді күтіп ұстау және жөндеу жұмыстарын орындау кезінде жұмысшыға келесі қауіпті және зиянды өндірістік факторлар әсер етуі мүмкін:

-қорғалмаған қозғалмалы жабдық элементтері;

-биіктікте жүргізілетін жұмыстар;

-электр тогымен зақымдану қауіпі;

-материалдардың өткір қырлары.

1.9 Ғимараттарды кешенді күтіп ұстау және жөндеу жөніндегі жұмысшы салаға қатысты типтік нормаларға және Ұжымдық шартқа сәйкес арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс. Жұмысшыларға берілетін жеке қорғаныс құралдары алдын ала тексеруден (сынақтан) өтуі керек. Қорғаныс құралдарына бекітілген биркаларда тіркеу нөмірі және келесі сынақ мерзімі көрсетілуі тиіс.


1.10 Жарақат алған немесе өзін нашар сезінген жағдайда жұмысты дереу тоқтатып, бұл туралы жұмыс басшысына хабарлау және медициналық мекемеге жүгіну қажет.

## 2. Жұмыс басталар алдындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптары

2.1 Тікелей басшыдан жұмысқа тапсырма алу.

2.2 Жұмыс орнын қарап шығып, ретке келтіру, артық және жұмысқа кедергі келтіретін заттарды алып тастау.

2.3 Жұмыста қолданылатын құралдар мен құрылғылардың жарамдылығын, олардың қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін тексеріп, оларды ыңғайлы етіп орналастыру. Құрал-саймандар сапалы бекітілген болуы керек, саптары құрғақ ағаштан, беткі жағы тегіс, жарықсыз, сынықсыз, шіріксіз болуы қажет.

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Университеті	СМЖЕ 1-2-2-10-2025
	Ғимараттарға кешенді қызмет көрсетуші қызметкерлер үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық ережелері	СМЖ«Инфрақұрылымдық басқару» ҮК ҚҮ 11-2023

2.4 Жергілікті жарықтандыру болған жағдайда шамды жұмысты орындау кезінде көзді қарықтырмайтындай етіп орналастыру керек.

2.5 Арнайы киімді, арнайы аяқ киімді ретке келтіріп кию, жеңнің қайырмасын түймелеу немесе байлау қажет.

### **3. Жұмыс басталар алдындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптары**

3.1 Жұмыс орнында тазалық пен тәртіп сақталуы тиіс, жұмыс орны мен жүріп-тұру жолдарын өніммен немесе қалдықтармен жауып тастауға болмайды.

3.2 Биіктікте жұмыс жүргізу кезінде құралдар мен материалдарды арнайы дайындалған орындарға қою қажет, оларды төменге құлап кетуден сақтау керек.

3.3 Ішкі сылақ жұмыстары, сондай-ақ еркін орналасатын карниздер мен басқа да бөлшектерді орнату жұмыстары еденге немесе жабын арқалықтары үстіне төселген тұтас төсеніштерге қойылған тұғырлардан немесе жылжымалы үстелдерден орындалуы тиіс.

3.4 Баспалдақ-стремьянкаларды тек ұсақ сылақ жұмыстарын орындау үшін ғана қолдануға рұқсат етіледі.

3.5 Сыртқы сылақ жұмыстары инвентарлық тік немесе аспалы құрылымдардан, сондай-ақ жылжымалы мұнаралы тұғырлардан орындалуы тиіс.

3.6 Материалдарды зембілмен баспалдақтар мен саты-баспалдақтар арқылы тасуға тыйым салынады.

### **4. Авариялық жағдайлардағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптары**

4.1 Авария немесе жазатайым оқиғаға әкелуі мүмкін жағдайлар туындаған кезде

- жұмысты дереу тоқтатып, бұл туралы тікелей басшыға хабарлау қажет;

- аварияның немесе жазатайым оқиғаға әкелуі мүмкін себептердің алдын алу бойынша жедел шаралар қабылдау қажет.

4.2 Жазатайым оқиға орын алған жағдайда:


4.2.1 Зардап шеккен адамға дереу алғашқы медициналық көмек көрсетіп, қажет болған жағдайда оны медициналық мекемеге жеткізуді ұйымдастыру;

4.2.2 Авариялық немесе басқа да төтенше жағдайдың өршуіне жол бермеу және жарақаттаушы факторлардың басқа адамдарға әсерін болдырмау бойынша жедел шаралар қабылдау. Дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету үшін қажет:

Ағзаға әсер етіп жатқан зақымдаушы факторды жою (мысалы, электр тогының әсерінен босату, улы атмосферадан алып шығу, жанған киімді сөндіру), зардап шеккен адамның жағдайын бағалау;

Жарақаттың сипатын және ауырлығын, зардап шеккен адамның өміріне ең үлкен қауіп төндіретін факторды анықтап, құтқару шараларының кезектілігін белгілеу; Алғашқы қажетті шараларды шұғыл түрде орындау (тыныс жолдарын қалпына келтіру, жасанды тыныс алу, жүрекке тікелей массаж жасау, қан тоқтату, таңғыш салу); Медициналық қызметкер келгенге дейін зардап шеккен адамның өмірлік маңызды функцияларын қолдау; Жедел жәрдем шақыру (телефон арқылы 103 немесе 112) немесе зардап шеккен адамды медициналық мекемеге жеткізу.

4.4 Өрт туындаған жағдайда:

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Университеті	СМЖЕ 1-2-2-10-2025
	Ғимараттарға кешенді қызмет көрсетуші қызметкерлер үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық ережелері	СМЖ«Инфрақұрылымдық басқару» ҮК ҚҮ 11-2023

4.4.1 Өндірістік үй-жайда жұмыс істеп жатқан адамдарды тез арада хабардар ету және өрт ошағын сөндіру шараларын қабылдау.

Қуат көзіне қосулы тұрған электр қондырғылары мен электр сымдарын тек көмірқышқыл газды өрт сөндіргішпен сөндіруге болады.

4.4.2 Өрт орнына тікелей басшыны немесе басқа жауапты тұлғаларды шақыру шараларын қабылдау қажет.

## **5. Жұмыс аяқталғаннан кейінгі еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптары**

5.1 Жұмыс аяқталғаннан кейін қолданылған жабдықты, құрылғыларды және құрал-саймандарды ретке келтіру қажет.


5.2 Арнайы киімдерді, арнайы аяқ киімді және басқа да жеке қорғаныс құралдарын шешіп, оларды арнайы белгіленген орындарға қою керек.

5.3 Жұмыс барысында анықталған кемшіліктер мен ақаулар туралы тікелей басшыға хабарлау қажет.




Әкімшілік-шаруашылық жұмыстар  
басқармасының басшысы



С.М.Утембаев

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Университеті	СМЖЕ 1-2-2-10-2025
	Ғимараттарға кешенді қызмет көрсетуші қызметкерлер үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық ережелері	СМЖ«Инфрақұрылымдық басқару» ҮК ҚҮ 11-2023

## 6. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Қызметі	Аты-жөні	Қолы	Күні
<b>Келісіді:</b>			
Персоналды басқару және құжат айналымы басқармасының басшысы	Қ.М. Сихаева		08.09.2025ж
Заң басқармасының басшысы	Е.Е. Матжанов		08.09.2025ж
Сапа, акредиттеу және рейтинг басқармасының басшысы	Б.К. Жундибаева		08.09.2025ж.





